

**Әліпбиді жетілдіру
жұмыстары талқыланды**

ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевтың әліпбиді жетілдіру жұмыстарын қорытындылау жөніндегі тапсырмасына сәйкес Алматы қаласында филолог ғалымдар мен тіл мамандары арасында ашық талқылау өтті. Шараға қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия мүшелері, қала әкімдігінің өкілдері мен белгілі ғалымдар қатысты.

Елімізде ұзақ уақыт бойы қызу талқыланып келе жатқан тарихи бетбұрыс жай ғана тілдік реформа емес, рухани сананың жаңғыруы екенін айтқан ғалымдар, негізгі төрт мәселені жіпке тізіп, өз ойларын ортаға салды. Тіл мамандары әліпбиде қазақтың төл дыбыстары, яғни 19 дауысты, 9 дауыссыз дыбыс жеке-жеке таңбалармен көрініс табуы керек деп есептейді. Одан бөлек, жаңа әліпбиде бір дыбыс бір таңбамен берілуге тиіс. Сонымен қатар, латын графикасындағы дауысты дыбысты таңбалайтын таңбамен тек дауысты дыбысты, тиісінше дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын таңбамен тек дауыссыз дыбыстарды таңбалауымыз қажет деген пікір бірауыздан қолдау тапты.

Сондай-ақ жиыңға қатысушылар бұл тарихи қадамға бет түзуде ең алдымен орыс тілінің емес, қазақ тілінің әліпбиін жасап отырғанымызды назардан шығармауымыз керектігін айтады. Неге десек, бұл істе нақты бір тоқтамға келе алмауымыз жоғарыда келтірген төрт мәселеден туындап отырған көрінеді. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін бұл принциптер түрлі пікір қайшылықтарын тудырады. Ғалымдардың пікірінше, ең алдымен осы қағидаларды қаперде ұстаған абзал.

– Орыс тілінің барша дыбыстары қазақ тілінің әліпбиінде көрініс тапқан. Біз оларды айнытпай пайдаланамыз. Кейбір ғалымдар қазір қазақ тілінде көптеген орыс тіліндегі дыбыстар барын айтады. Біз оларды қолданамыз. Дегенмен ғылыми тұрғыдан қарасақ, біз тек орыс сөздерін айтамыз. Қазақ төл сөздерінде орыс тілінде бар сөздер жоқ. Қазақ орфографиясында кейбір орыс әріптерін пайдаланғанымызбен, бірде бір бөтен дыбыс қазақ тіліне енген жоқ. Қазақ тілінің дыбыс құрамы өзгерген жоқ. Ежелгі калпында. Біздің шет тілдің сөздерін айнытпай пайдаланатынымыз, сол дыбыстар, сол ережелер тілімізге енді дегенді білдірмейді. Мәселен француз бен неміс бір-біріне өте жақын туыс тілдер. Бірақ оларда бірде-бір басқа тілдің бүкіл дыбыс жүйесі көрініс таппаған. Көптеген француз дыбыстары неміс тілінің әліпбиінде кездеспейді және керісінше. Ал орыс тілі мен қазақ тілінің ережелері ғылыми тұрғыдан мүлде сәйкеспейді. Бір-біріне қарама-қайшы. Дегенмен біз бәрібір орыс сөздерін айтқанда сол тілдің дыбыстарын пайдаланамыз. Қазіргі кезде бізге ешқандай қатысы жоқ, шет тілдерде ғана көрініс табатын дыбыстардың ара-жігін ажырата алмай келеміз. Екі тілдің ережелері тілдік жүйемізге жарысып енген. Түптің-түбінде содан арылып, тек қана төл әліпбиімізді жасауға ұмтылуымыз керек, – дейді Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек.

Басқосуда Алматы қаласы әкімі аппаратының Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығының бас инспекторы Бақыт Қалымбет, белгілі ғалымдар Әлімхан Жүнісбек, Құралай Күдерінова, Юлай Шамиоғлу сөз алып, өз пікірлерін білдірді. Мамандар орфография өте күрделі сала, ең алдымен сауатты жазу үшін орфография мен ғылыми негіз болу керек екенін айтады. Сондықтан оның негізгі принциптеріне сүйену маңызды. Бұл тұрғыда шет елдердің тәжірибесіне де көз жүгірткеннің артықтығы жоқ. Ең бастысы тіліміздің табиғаты бұзылмауы керек. Әліпби деген қатып-сепіп қалған дүние емес. Ол жол-жөнекей жөнделі, толықтырыла түседі. Алайда «көш жүре түзеледі» деп қазір реттеуге болатын маңызды мәселелерді кейінге шегеру дұрыс емес. Өйткені латын әліпбиіндегі қазақ жазуын қалыптастыру – ұлттық сананы азат етіп, ұлттық бірлікті одан әрі нығайтуға ықпал ететін маңызды қадам.

(«Егемен Қазақстанның» сайтынан)

Тергеу тәжірибесінің мәселелері

Қандай да бір қылмыстық істің әшкереленуі, айыптылардың лайықты жазаларын алуы, әрине, тергеушілердің жұмысына байланысты. Ал бұл орайда тергеу жұмысында қазіргі заманға сай әдістерді қолдану, барынша жетілдіріп отыру аса маңызға ие болса керек.

Міне, бұл орайда, жақында, дәлірек айтқанда ағымдағы жылдың 4 наурызында Қазақстан Республикасы ІІМ Тергеу департаментінің 2020 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес, сонымен қатар жаңартылған қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамалар жағдайында тергеу жұмысын жетілдіру, полиция қызметкерлерінің имиджін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының базасында ІІО тергеу және анықтау бөлімдері бастықтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жергілікті семинар-жиынының өткізілгендігін айта кеткен жөн болар.

Жергілікті семинар-жиыны тергеу департаменті, сот, прокуратура, сот сараптамасы институты, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Көліктегі ПД өкілдерінің, сонымен қатар Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы мен магистранттарының қатысуымен өткізілді.

Жергілікті семинар-жиынының ашылуы Академия бастығы полиция полковнигі Н.А. Биекеновтің қатысушыларға келген қонақтарды таныстыруынан және мұндай семинар-жиының өткізілуі өзектілігін ашып айтуынан басталды.

Қостанай облысы ПД бастығының орынбасары полиция полковнигі



Қ.С. Дюсембеков семинар-жиының модераторы ретінде келген қонақтардың баяндамалары жайында қысқаша таныстырып өтті. Семинарға қатысушылар Қостанай қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы А.А. Раисовтың «Қылмыстық қудалау органдарымен судьялардың өзара әрекеттесуі туралы»; Қостанай қаласы прокурорының орынбасары Р.А. Кусаевтың «Сотқа дейінгі тергеп тексерудің заңдылық жағдайы сұрақтары бойынша»; Қостанай облысы сот сараптамасы институты директорының орынбасары Г.В. Колотконың «Тергеу органдары және сараптама бөлімдерінің өзара әрекеттесуін жетілдіру туралы»; Кәсіби-психологиялық даярлық және ІІО басқару кафедрасының бастығы, ф.ғ.к., полиция полковнигі А.М. Тауқенованың «2019-2021 жылдарына ІІО жаңғырту

бойынша жол картасын жүзеге асыру сұрақтары» атты баяндамаларын тыңдады.

Тергеу және анықтау бөлімдерінің қызметкерлері тарапынан баяндамаларға қатысты қойылған сұрақтар талқыланып, өз шешімін тапты. Тергеу тәжірибесінде орын алып жатқан сараптама тағайындау, дәрігерлік куәландыру, тергеу жүктемесі және тағы басқа өзекті мәселелері жөнінде қойылған сұрақтары бойынша ерекше көзге түскен Петропавл станциясы желілік полиция бөлімі бастығының орынбасары полиция подполковнигі К.А. Омаровты, Тобыл қаласы аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.А. Сералинді, Көкшетау станциясы желілік полиция бөлімі бастығының орынбасары полиция подполковнигі Т.С. Муханбеталинді атап өтуге болады.

Сонымен қатар Қостанай облысы ПД бастығының орынбасары полиция полковнигі Қ.С. Дюсембековтің «Тергеу бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруда басшылардың рөлі туралы» атты баяндамасы тыңдалды және өзінің тергеу саласындағы мол тәжірибесімен бөлісе отырып, орта буын басшылардың қызметін жетілдіру бойынша ақыл кеңесі берілді.

Дархан АМАНГЕЛЬДИЕВ,
Қазақстан Республикасы
ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
ҚП және К кафедрасының
доценті
полиция подполковнигі



ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ – ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ НАЗАРЫНДА

Мемлекеттік әрі ұлтаралық тіл

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн» – деп мемлекеттік тілдің болашағы зор екенін нық сеніммен атап көрсеткен болатын.

Ел Президентінің сөзі көпшіліктің көңілінен шықты. Неге? Себебі, сөз, ең алдымен, қазақ тілінің тұғыры одан әрі нығая түсетіні және оның ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналатын жөнінде болса, екіншіден, осы бағытта жұмыла жұмыс жүргізу қажеттігі турасында айтылды. Жалпы бұны мемлекеттік тілдің кезекті қадамы, екінші тынысы ретінде бағалауға болады. Өйткені ана тіліміз жаңа кезеңге көшетін болады. Ол үшін үкіметтік деңгейде арнайы жұмыстар жүргізіледі.

Алайда оны күтіп отырмай, әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз қажет. Және ол Президентіміз айтқандай, даңғазалыққа салынбай, жұмыла жүргізілуі тиіс.

Сонымен, аталған мәселеге байланысты қандай жұмыстар қолға алынуы керек? Біздіңше, негізгі назар тілдік орта қалыптастыруға бағытталғаны жөн. Неге десеңіз, тілдік орта жасалса, тілдің тынысы кеңіп, қанаты жайыла түседі. Сонымен қатар тілдік орта айналасын өзінше үйіре тартып, баурай жөнелетін ерекше күшке ие. Осындай кереметтей ортаны қазіргі қолданыстағы мемлекеттік тілдің айналасына неге ұйыстырмасқа. Ол үшін әрбір мекеме мен ұйым күнделікті қызметінде қазақ тілін тұрақты тұтынып, оның қолданыс аясын кеңейте түссе болғаны. Өз кезегінде, оның нәтижесі мемлекеттік тілдің көсегесін көгертпей қоймайды. Қазақ тілін қалайда Қазақстанның тілі етеді.

Қазіргі таңда біздің оқу ордамызда білім алып жүрген курсанттардың басым дені қазақ тілінде – мемлекеттік тілде білім алады. Қызметкерлерге қазақ тілін оқыту сабақтары жүргізіледі. Ісқағаздарын жүргізу мемлекеттік тілге

көшірілген. «Академияда қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шарлар жоспары» әзірленген және онда көзделген шаралар уақтылы орындалып келеді.

Асылы, алыс жолды бірнеше қадамдардың нәтижесінде бағындыруға болатыны секілді, қазақ тілі өз тұғырына орнығып, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналсын десек, онда күнделікті өмірде не қызметте болсын, қазақ тілінде сөйлеуіміз қажет. Осылайша әрқайсымыз қазақ тілінің елімізде ұлтаралық қатынас тіліне айналуына өзіндік үлесімізді қосамыз. Ал ол өзін Қазақстан Республикасының азаматы санайтын әркімнің де қолынан келетін іс. Бұған қоса, Ел Президенті алға қойған мұндай мәртебелі міндетті атқару әрбіріміздің азаматтық борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.

Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
Ішкі және сыртқы
коммуникациялар бөлімшесінің
бастығы

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

«Бала бауыр етің.....»

«Бақыт деген сенің бала күндерің» деп жырлаған екен асқақ ақынымыз Мұқағали Мақатаев. Расында, қамсыз, мұңсыз, қызықпен өткен сол бір кездер бақытты балалық шағымыз еді ғой...

Алайда, тағдыр тәлкегіне ұшырап, балдай тәтті балалық шағында батпандай ауыр мұң арқалап, жанары жауаңдаған көздердің сол бақытты сезініп жүргені шамалы.

«Жетім» деген сөз қазақ халқына жат, дегенмен қазіргі таңда қоғамдағы ең бір етек алып отырған өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны ешкімге жасырын емес. Не себепті қоғамда жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар көбеюде? Бұл сұрақтарға жауап алу қиын, жауап алсақ та одан қорытынды шығару мүмкін емес.

Қазақ халқында «Жетім көрсен жебей жүр», «Жетімнің көз жасы удан да ащы» деген сөзіне қарамастан бұл мәселенің күрделеніп келе жатқаны жасырын емес.

Дана халқымыз сан ғасырдан бері «Адамның бақыты - балада» деп, баласының ер жетіп азамат

болуына бар өмірін арнап, жиған-тергенін балаларының жолына, қолына берген. Кез келген адам баға жетпес бақытты ұрпағының жалғасып, өсіп-өнуін тілейтіні белгілі. Ал, қазіргі таңда кейбір жандар өз бақытын байлықтан, мансап пен қызметтен іздейтін сияқты.

Соның есебінен елімізде жәуентеген қара көздердің саны едәуір артып, жетімдер көбеюде. Кейде таң қаласың, кейбір жандар балаға зар болып, күні-түні үмітін үзбей, Алладан жалбарынып тілейді.

Енді біреулер Алланың берген сәбиін көрінгеннің қолына тастайды. Тұрмыс жағдайын, тағдыр тауқыметін сылтау етіп, балаларынан бас тартады. Көзі қиып, жүрегі шыдап, шырылдаған сәбиін панасыз қалдырған тасбауыр жандар жер басып қалай жүреді екен? Осындай қатыгездіктің салдарынан бейкүнә нәресте дүние есігін



ашпай жатып, өмір сынымен арпалысып, тағдыр кешеді.

Бұл өмірде ананың ақ сүті мен мейіріміне жететін не бар? Оның мейірімімен айтқан «айналайын, құлыным, ботам, балапаным» деген жылы сөзі жаныңды ерекше сезімге бөлеп, бар бақытты сыйлайды емес пе?! Ананың ыстық алақанына ештеңе тең келмейді.

«Кім Алла үшін бір жетімнің

басын сипаса, қолы тиіп өткен әрбір тал шашы үшін сауап алады» деген дана сөзді ескере отырып, осындай қадаммен 2020 жылдың 1 наурызында көктемнің алғашқы Алғыс айту күнінде біз Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының кәсіби даярлық курсының 6-взвод тыңдаушыларымен Қостанай қаласындағы «Дельфин» балалар

үйінің балаларына тамаша көңіл-күй сыйлап қайттық. Балаларға жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар, сонымен қатар тәттілер сыйладық. 6-взводтың ұлдары «Дельфин» балалар үйінің алаңын қардан тазартып, өз қолдарынан келетін көмектерін көрсетті. Ал, қыздар болса, «Бала - бауыр етің» демекші балаларды ойнатып, біраз қуанышқа бөленді.

Олай болса, жетімін жылатпаған, жесіріне қамқор болған иманды бабалардың ұрпағы ретінде біз де балалар үйінің балаларына қарайласуды мұсылмандық міндетіміз деп қарайық.

Р. ҚҰТЫМБАЕВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев
атындағы Қостанай
академиясының
6-взвод кураторы
ДШД кафедрасының
оқытушысы
полиция аға лейтенанты

Әрқашан біздің жадымызда

2020 жылғы 9 наурызда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы үшін тарихи күн. Жыл сайын 9 наурызда Академия басшылығы және жеке құрамы Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевты еске алып, атамыздың мүсінінің алдына гүл шоқтарын қояды.

Шырақбек Қабылбайұлының қысқаша өмірбаянына тоқтала кетсек, Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаев (1908-1976 жылдары – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері. Ел алдындағы Ш.Қабылбаевтың қызметі және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесі зор. Осыған байланысты 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 қаулысымен Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілді.



Шырақбек Қабылбаевтың тұлғасы, оның атқарған қызметі, Отан алдындағы еңбегі халық тарихының ажырамас және үйлесімді бөлігі болып табылады. Біз осыны есте сақтап, біліп және құрметтеуіміз керек, сонымен қатар келешек ұрпақтарға жеткізу біздің парызымыз. Аты аңызға айналған министр Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың жарқын бейнесі әрқашан біздің жадымызда сақталып, жаңа жетістіктерге, жаңа жеңістерге жігерлендіреді,

ынталандырады. Жалпы Шырақбек атамыздың шырағы осы Академияға есімі берілген күннен бастап қайта жанды десек артық айтқанымыз болмас. Өйткені Шырақбектің есімі аталса, Академияның есімі аталса, Шырақбек Қабылбайұлының абыройы арта түсетіні бәрімізге аян. «Ер есімі, ел есінде» деген осы. Алаш ұрпақтары қазақтың тұңғыш генералының халыққа сіңірген еңбегін ешқашан ұмытпайды.

Салтанатты мерейтой соңында Академия курсанттары мен тыңдаушылары Академия әнұранына айналған «Шырақбек ата» әнін хормен орындады.

*Төбемізде тұрса жанып алтын күн,
Болашағы жарқын дана халқымның.
Барлық ұлттың бақыты үшін күрескен,
Өнегесі, өшпейді ізі батырдың.*

Азамат АЛЫНАЗАРОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
3-курс бастығының орынбасары
полиция майоры

Ауыл тұрғындарымен жиын өткізілді

2020 жылғы 04 наурызда Нежинск ауылдық округінің әкімі М.А. Дюселековтың төрағалығымен Буденновск орта мектебінде Буденное, Куприяновка ауылының тұрғындарымен жиын өткізілді.



Кездесуге Ново-урицкое ст. ЖПБ бастығы полиция майоры А.А. Раисов, «Буденное-СК» ЖШС директорының орынбасары А.Б. Молдабеков және ауыл тұрғындары қатысты.

Күн тәртібінде ауыл округінің аумағында су тасқынына қарсы іс-шараларын өткізу және дайындық мәселелері қаралып, теміржол жолағына жақын жерлерде мал жаю қағидалары түсіндірілді.

Нежинск ауылдық округінің әкімі М.А. Дюселеков Буденное, Куприяновка ауылдарының тұрғындарына елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру (тұрғын үйлердің шатырларын тазалау, су өткізу науандарын қардан тазалау, өз ауласын қардан тазалау) туралы шағымданды.

«Буденное-СК» ЖШС директорының орынбасары А.Б. Молдабеков тұрғындардың өтінімі бойынша қарды тазалау үшін техника бөлінетінін атап өтті. Ново-урицкое ст. ЖПБ бастығы полиция майоры А.А. Раисов Буденное, Куприяновка ауылдарының тұрғындарына темір жол жолағына жақын жерлерде мал жаю қағидаларын сақтауын ескертіп, сондай-ақ, темір жол жолағына жақын жерлерде мал жайғаны үшін әкімшілік шаралары қолданатыны туралы атап өтті.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

ЕАЭО елдерінде тіркелген көлік...

Е у р а з и я л ы қ экономикалық одақ елдерінде тіркелген 424 көлік айып тұрағына қойылды. Бұл жайында ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің Сенат депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Осы жылдың қаңтарында Алматы қаласында өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысы барысында армян тарапымен келіссөздер өткізіліп, нәтижесінде Армения аумағынан Қазақстан аумағына автокөлік құралдарының өтуі мәселесін реттеу, оның ішінде тиісінше ақпарат алмас бойынша екіжақты консультацияға қатысты бірлескен хаттамаға қол қойылды. Армян тарапымен уағдаластыққа сәйкес, еліміздің Ішкі істер министрлігі Арменияда уақытша тұратын

тұлға ретінде тіркеліп, 22 441 автомобиль сатып алған Қазақстан азаматтары жайлы ақпарат алды. Қазіргі уақытта Арменияның құзіретті органдарды «жеңілдігі бар» автомобильдерді тек өз елдерінің шегінде ғана пайдалануды қамтамасыз ету және олардың Еуразиялық экономикалық одақтың өзге елдеріне тасымалдануына жол бермеу мақсатында шетелдік азаматтардың атына автокөліктерді тіркеуге бақылау шараларын күшейтті», - деді Үкімет басшысы.

Оның атап өтуінше, Қазақстан тарапы Ресеймен шекаралас облыстарда шетелдік нөмірі бар көліктерді елімізде жүргізу тәртібін түсіндіру үшін 13 полиция бекетін құрды. Сонымен қатар осы жылдың қаңтарында Әділет министрлігі аумақтық әділет органдарына нотариалдық палаталармен бірлесіп,

Армения мен Қырғызстаннан әкелінген автокөліктерге сенімхат беру заңдылығын тексеру жөнінде комиссия құру тапсырылды.

«Түсіндіру жұмыстарын қоса алғанда қабылданған шаралар ЕАЭО туралы шарт талаптарын бұза отырып елге автокөлік әкелу ағынын тоқтатуға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта ІІМ мүдделі мемлекеттік органдармен бірге халық арасында шетелдік автомобильдерді тіркеу қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы мақсатта барлық Арнаулы халыққа қызмет көрсету орталықтарында осы жылдың қаңтар айының соңынан бері полиция қызметкерлері мен мемлекеттік кірістер органдарының мамандары отырғызылды. Олар азаматтарға кеңес беріп, тіркеу үшін құжаттар қабылдайды. 1 наурызға дейін АХҚО-лардан

шамамен 5,5 мың азамат кеңес алды», - деді Асқар Мамин.

Премьер-Министрдің айтуынша, ақпанның 8-16 күндері аралығында ішкі істер органдары сот орындаушыларымен бірге Жол жүрісі ережесін бұзғаны үшін төленбеген айыппұлдарды мемлекет кірісіне өндіріп алуға бағытталған «Борышкер» жедел алдын алу шарасы жүргізілген. Нәтижесінде 1 160 көлік иесінен мемлекет кірісіне 337 млн теңге өндіріліп алынды және Жол жүрісі ережесін бұзғандар ұсталып, көліктері айып тұрағына қойылды. Айып тұрағына қойылған 424 көлік ЕАЭО елдерінде тіркелген.

«Жүргізушілерге 251 млн теңге айыппұл төлеу туралы 28 447 ұйғарым, оның ішінде ЕАЭО елдерінде тіркелген көліктердің иелеріне 62,8 млн теңгенің 4 114 ұйғарым берілді», - Асқар Мамин.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru